

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 13 маусымдағы № 652 Қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 23 қарашадағы № 1372 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.11.23 № 1372 Қаулысымен.

«2011 - 2013 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 29 қарашадағы Заңына және «Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 ақпандағы № 220 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігіне «Астана қаласындағы Классикалық опера және балет театры» объектісінің жобалау-сметалық құжаттамасына жетекші шетелдік мамандарды тарта отырып, халықаралық сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу үшін 2011 жылға арналған республикалық бюджетте шұғыл шығындарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен 14000000 (он төрт миллион) теңге сомасында қаражат бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен бөлінген қаражаттың мақсатты пайдалануын бақылауды қамтамасыз етсін .

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

<i>Қазақстан Республикасының</i>	
<i>Премьер-Министрі</i>	<i>К. Мәсімов</i>